

Аса маңызды ұшуларды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 сәуірдегі N 480 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 мамырдағы
№ 562қпү Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.23 № 562қпү Қаулысымен.

Аса маңызды ұшуларды орындау үшін арнаулы авиакомпаниялар құру туралы қабылданған шешімге сәйкес және олардың әзірлігін ұйымдастыру мен қауіпсіздігін арттыруды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "AirFinance Europe" (Кайманов аралдары, Ұлыбритания) және "OrientEagle Airways" (Қазақстан) үкімет әуе флотының пайдаланушылары болып тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "AirFinance Europe" және "OrientEagle Airways" компанияларының әуе тасымалын жүзеге асыру құқығына лицензия берсін және соңғысын пайдаланушы ретінде тіркесін, сондай-ақ оның Жарғысымен байланысты қызметтерді жүзеге асыру үшін оның тапсырысы бойынша авиажелілерін пайдалану құқығына лицензия берсін.

3. "AirFinance Europe" және "OrientEagle Airways" компанияларына Қазақстан Республикасының аумағында үкімет флотының әуе кемелеріне аэронавигациялық және әуежайлық қызметтер жөнінде, аталған компанияларға жерде және техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерден басқа, тегін қызмет көрсетсін, сондай-ақ авиация отынын ұлттық авиакомпания үшін белгіленген бағалар бойынша босатсын.

4. Алматы қаласының әуежайы "Orient Eagle Airways" компаниясы әуе кемелерінің базалық орны болып белгіленсін.

5. ТУ-154Б N 85464 және ТУ- 134Ф N 65551 ұшақтары "А" литері ұшуларын орындау үшін жіберілген ұшақтар тізбесінен алынсын, "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-н оларды коммерциялық пайдалануды жүзеге асыруға және аталған ұшақтарды мемлекеттік басқару органдарының тапсырысы бойынша ұшуларды ұйымдастыру үшін беруге рұқсат етілсін.

6. Ми-172 N 25401 және Ми-8 МТВ-1 N 22957 тік ұшақтарын "Orient Eagle Airways" авиакомпаниясының балансына бере отырып, үкімет әуе флотының құрамына қоссын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Orient Eagle Airways" авиакомпаниясының үкімет әуе флотын техникалық жағынан дұрыс ұстауын және авиакомпанияның қызметін жүзеге асыруын қолдауға қажетті жылжымайтын мүліктер мен мүліктерді пайдалану мәселесін Алматы қаласының әуежайынан үкімет флотының ұшақтары үшін тұрақ, ангардың оңтүстік бөлігін, АЛТК үкімет ұшақтарының бұрынғы учаскесінің техникалық бригадаларының үй-жайын, көлік құралдарын орналастыратын орын, авиакомпанияның техникалық ғимараттарын салуға арналған жер учаскелерін бөлуді көздей отырып шешсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі